

4-бетте

«ТҮРКІСТАН - ШЫҒЫСТЫҢ ШЫРАЙЫ»

3-бетте

МИЛЛИОН ШАРШЫ МЕТР ҮЙ САЛЫНУДА

5-бетте

М.ТЫНЫШБАЕВТЫҢ МҰРАҒАТТАҒЫ ЖАЗБАСЫ

aigakmedia Instagram
Айғақ Медиа Facebook
Айғақ ТВ YouTube

RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙҒАҚ

MEDIA

№ 23
/sársenbi/
10 maýsym
2020 жыл

Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Jýldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaqy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri

## Абайдың қара сөздері

### ОН ТОҒЫЗЫНШЫ ҚАРА СӨЗ

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп,көріп,ұстап,татып ескерсе,дүниедегі жақсы,жаманды таниды дағы, сондайдан білгені,көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп,білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса,сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді естікенде шайқақтап,шалықтанып не салбырап,салғырттанып есітсе,не есіткен жерде қайта қайырып сұрап ұғайын деп тұшынбаса,не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де,шыға беріп қайта қалпына кетсе,, естіп-есітпей не керек? Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танитұғын шошқаны баққан жақсы-депті бір хәкым.

## ОРДАБАСЫДА КӨМІРДЕН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІ ӨНДІРІЛЕДІ

Түркістан облысы, Ордабасы ауданында ерекше жоба жүзеге аспақ. Енді өңірде қарапайым көмірден Евро - 5 стандартына сай отандық өнім, АИ-92 маркалы бензин, дизель жанармайы мен бензол, толуол, ксилол және үлгілі мазут өнімдері шығарылады. Әлемде теңдесі жоқ жобамен облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев арнайы танысып қайтты. Ордабасы ауданы, Бадам ауыл округіндегі «Стандарт Ресурсис» ЖШС көмір - химиялық комбинаты жылына 30 мың тоннаға дейін шикізат өндіруге қауқарлы.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа арнаған Жолдауы ел өміріндегі өзекті де өткір мәселелерді көтеруімен ерекшеленді. Қазақстан экономикасына жаппай инвестиция тарту, өндіріс орындарын батыл игеру, индустриалдық-инновациялық жобаларды шебер жүзеге асыру арқылы тәуелсіздік жылдары Қазақстан әлемге жедел дамушы ел ретінде танылды. Президент Қ.Тоқаев өз Жолдауында ел дамуының осы үрдісін одан әрі жалғастыру үшін әлем мойындаған Назарбаев моделін жалғастыруды ұсынды. «Еліміздің даму жолын бүкіл әлем мойындап, қазақстандық, яғни Назарбаев моделі деп атады. Қазір бізге Тәуелсіздіктің жетістіктерін еселеп, елімізді дамудың жаңа сапалы кезеңіне шығару мүмкіндігі беріліп отыр», – деді ол. Нарықтық экономика жағдайында шетелдік инвестицияны тарту және пайдалану тек қаражаттың ғана емес, сонымен бірге шетелдік технологиялардың, басқару тәжірибесінің де ағылып келуін қамтамасыз етеді, жаңа рыноктарға жол ашады, ірі құрылымдық өзгерістерге, нарықтық инфрақұрылымның қалыптасуына, экономиканың жекеше секторының қалыптасуына серпін береді. 1,5 млрд. теңге инвестиция құйылған жоба аясында



100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылмақ. «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында инфрақұрылым желісі жүргізіліп, 3 шақырым жерде темір жол тартылған.

Өмірзақ Естайұлы эксперименталды жобаны кеңінен жүзеге асыруды қолға алу керектігін айтты. Ол үшін теңдесі жоқ технологияның қыр - сырын жаппай үйретуді тапсырды. Өнім тек ел көлеміндегі нарыққа ғана емес, ТМД елдеріне экспортталмақ. Негізгі мердігері-мұнай химиясы саласындағы нарық көшбасшыларының бірі болып табылатын ресейлік «ЭТН Циклон» компаниясы.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## МЕГАПОЛИСТЕ ЕНДІ ТУРИСТІК ПОЛИЦИЯ МЕН ДҮҢГІРШЕКТЕР ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ




Әлемді жайлаған індет орын алмағанда бүгінде мегаполис өзінің ТМД елдерінің мәдени астанасы атанғандығын кең көлемде атап өткен болар еді. Дегенмен, жоспардағы жұмыстар кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Қауіптің басы сейілген соң, егер қаламызда туристер келіп жатса шырайлы шаһардың көрікті мекендерін енді оңай тауып алатын болды. Себебі, бұл бағыта әкімдік тарапынан бірқатар жұмыстар жүзеге асып отыр. Оның бірі жуырда жұмыс жасай бастаған 2GIS электронды анықтамалығы болса, өткен аптада отандық және шетелдік туристерге үш тілде қызмет көрсететін туристерге арналған алты ақпараттық дүңгіршектер ашылды. Аталмыш ғимараттар қаланың әр бөлігінде орналасқан. Атап айтқанда, «Арбат» жаяу жүргіншілер аймағы мен «Тәуелсіздік» және «Абай» саябақтарында, «Наурыз алаңы» мен әуежайда және темір жол вокзалында орналасқан.

Туристік дүңгіршек қызметкерлері келушілерге мегаполистің туристік әлеуеті туралы кәсіби кеңес бере отырып, қаламыздың көрікті жерлері мен мәдени оқиғалары туралы, туристік маршруттары және мәдени-бұқаралық іс-шаралардың анонстары туралы толық ақпаратты бір терезе принципі бойынша ұсынады. Айта кететін жайт, орталықтағы барлық ақпараттық қызмет түрлері тегін көрсетіледі.

Бұдан бөлек, дүңгіршек тарапынан тұрғындар мен қонақтарға алдын-ала жазылу бойынша (10 адамнан артық емес) тегін экскурсиялық қызмет (18.00 мен 20.00 аралығында) көрсетілетін болады.



Туризм басқармасының мәліметінше, бүгінгі таңда қалада туристік маршруттар толығымен дайындалған. Болашақта әр-түрлі туристік бағыттағы маршруттар әзірленіп, жетілдіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілмек.

«Алдағы уақытта дүңгіршектерімізден кез келген адам қала аумағындағы барлық қонақ үйлер мен мейрамханалар, қолжетімді емдеу орталықтары, ондағы бағалар мен қызмет түрлерімен қоса, басқа да ақпараттар жайлы толық мәлімет ала алады»,-дейді басқарма маманы.

Туристік дүңгіршек келушілерге дүйсенбі-жұма күндері, сағат 09.00 ден-19.00-ге дейін қызмет көрсетеді.

Одан бөлек, Шымкентте арнайы бөлімше - туристік полиция жұмыс істей бастады. Бүгінде жаңа бөлімшенің жеке құрамында 25 адам бар.

Туристік полиция қызметкерлері түнгі сағат 9:00-ден 1:00-ге дейін әдетте тұрғындар мен қала қонақтары жиі шоғырланатын орындарда: Арбат, Орталық саябақ, Наурыз алаңы, Қошқар ата өзенінің жағалауы сияқты қаламыздағы төрт ірі нысандарда қызмет атқарады.

Бөлімшедегі полиция қызметкерлерінің міндеті қала туристері мен қонақтарына құқықтық көмек көрсетуге бағытталған. Егер турист өз құжаттарын жоғалтса немесе қандай да бір оқиға орын алса, полиция қызметкерлері қонақтарға көмек көрсетеді.

**Салтанат ТОЙБОЛОВА.**

## Тағайындау



### Серік ШӘКПЕНОВ -

*ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі*

ҚР Үкіметінің Қаулысымен Серік Жамбылұлы Шәпкенов ҚР еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі қызметіне тағайындалды. Бұл туралы ҚР Премьер-Министрінің Баспасөз қызметі хабарлайды.

С. Шәпкенов 1979 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауылында туған. Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін «экономист-математик» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек жолын 2000 жылы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы болып бастады. Түрлі жылдары Батыс Қазақстан облысы әкімінің аппараты құрылымында жұмыс істеді.

2012-2015 жылдары Батыс Қазақстан облысы әкімінің бірінші орынбасары болды.

2015-2016 жылдары — ҚР Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік бақылау және аумақтық ұйымдастыру жұмысы бөлімінің мемлекеттік инспекторы.

2016-2018 жылдары — Атырау қаласының әкімі.

2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары болды.

### Хамит ӘМІРЖАНОВ -

*Шымкент қалалық мемлкеттік сатып алу басқармасының басшысы*



Шымкент қаласында мемлекеттік сатып алу басқармасына жаңа басшы тағайындалды. Қала әкімінің өкімімен бұл лауазымды енді Әміржанов Хамит Уадутбекұлы атқаратын болады, деп хабарлайды Шымкент қаласы әкімінің баспасөз қызметі.

Хамит Уадутбекұлы - 1981 жылы туған, білімі жоғары, мамандығы бойынша қаржыгер.

Еңбек жолында Қостанай облысы, Амангелді ауданы бойынша салық комитетінің маманы, ҚР Қаржы министрлігі қаржыны ішкі әкімшілендіру департаментінің бас маманы, Қаржы министрлігі мемлекеттік орган қызметін қамтамасыз ету департаменті материалдытехникалық қамтамасыз ету басқармасының бас сарапшысы, аталған басқарманың басшысы қызметін атқарған.

Ал, 2010-2020 жылдар аралығында Қаржы министрлігі мемлекеттік органның қызметін қамтамасыз ету департаменті материалды-техникалық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, Мемлекеттік органның бюджет қаражатын әкімшілендіру және басқару департаменті мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы, Қаржыларды ішкі әкімшілендіру департаменті мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы, ҚР Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алу комитетінің басқарма басшысы және Алматы қаласының энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы және мемлекеттік активтер басқармасы басшысының орынбасары лауазымында еңбек еткен.

### Әбунасыр ЖАНБАТЫРОВ



*Шымкент қаласы Ауылшаруашылығы және ветеринария басқармасы басшысының орынбасары*

2020 жылдың 02 маусымынан бастап Ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы басшысының орынбасары лауазымына Жанбатыров Әбунасыр Шарифоллаұлы тағайындалды.

Жанбатыров Әбунасыр Шарифоллаұлы - 1989 жылы 22 наурыз ОҚО, Арыс ауданында дүниеге келген. Білімі жоғары. 2005-2009 ж.ж. Алматы технологиялық университеті АҚ-тұрмыстық қызмет көрсету және сервис, 2009-2011 ж.ж. Халықаралық бизнес университеті-экономика ғылыми-педагогикалық бағыты мамандықтарын тәмамдаған.

Еңбек жолын 2007 жылы «Акшам» ассоциациясының менеджері болып бастаған ол, әр жылдары әртүрлі қызметтерді атқара келе, 2018-2019 ж.ж. Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының мал шаруашылығы, кооперация және ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу бөлімінің бас маманы болып қызмет атқарады.

2019 ж. Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының инвестициялық жобаларды қолдау, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, кооперация және экспортты арттыру бөлімінің бас маманы, 2019-2020 ж.ж. Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының инвестициялық жобаларды қолдау, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, кооперация және экспортты арттыру бөлімінің басшысы лауазымдарында жұмыс атқарған.

# АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ САЛАСЫ СЕРПІНДІ ДАМУДА



Елбасының халыққа арнаған Жолдауларында да Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған СЫНДАРЛЫ ҚОҒАМДЫҚ ДИАЛОГ – ҚАЗАҚСТАННЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ӨРКЕНДЕУІНІ НЕГІЗІ атты Жолдауында да елімізде аграрлық саланы дамыта отырып экономикалық ахуалды арттыратын арнайы бағдарламалар қабылданып, нақты тапсырмалар беріліп отырды. Мемлекет басшысы ауылшаруашылық саласын дамыту үшін нақты тапсырмалар берді. «Ауыл шаруашылығы – біздің негізгі ресурсымыз, бірақ оның әлеуеті толық пайдаланылмай отыр» дей келе Президент экологиялық таза өнім республика көлемінде ғана емес, алыс және жақын шетелдерде сұранысқа кеңінен ие екенін, сондай-ақ, бұл бағытта шаруаларды мүмкіндігінше қолдау керектігін айтты.

Аграрлы аймақ болып саналатын Түркістан облысында осы саладағы еңбек өнімділігін арттырып, дамыту үшін нақты нәтиже беретін 3 негізгі бағытта жұмыс жүруде. Бірінші бағыт, агроқұрылымдарды ірілендіре отырып, заманауи озық технологияларды енгізу. Екінші бағыт, кооперативтерге біріккейтін 2-3 га жері бар агроқұрылымдар үшін бір алқаптан жылына 2-3 өнім алу жобасын ендіру. Үшінші бағыт, жеке қосалқы шаруашылықтардың ауласына тамшылатып суару технологиясын ендіру арқылы ерте пісетін көкөніс, картоп, бақша өнімдерін өндіру. Мәжілісте осы жұмыстарды ары қарай дамыту жолдары қарастырылды.

«Бір алқаптан 2-3 өнім алу» жобасын жүзеге асыруда облыста Сарыағаш, Түлкібас, Жетісай, Отырар, Келес аудандары көш бастап тұр. Бәйдібек, Төлеби мен Шардара аудандарында бұл бағыттағы жұмыстар әлі де ақсап тұрғаны белгілі болды. Бұл туралы облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің төрағалығымен Түркістан облысында ауыл шаруашылығы саласын дамыту бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар мен өзекті мәселелер және оларды шешу жолдарын қарастыру мақсатында өткен мәжілісте айтылды.

Өмірзақ Естайұлы «Бір алқаптан жылына 2-3 өнім алу» мен жеке қосалқы шаруашылықтардың үйіргелік жерлерін дамыту жобаларын түсіндіру мақсатында әр ауданда семинар ұйымдастыруды тапсырды. Сондай-ақ, сала басшыларына «Еңбек» бағдарламасымен бизнес идеяларды іске асыруға берілетін 530 мың тг. көлемінде мемлекеттік грант алуға жеке қосалқы шаруашылық иелерін оқыту, грант алу жолдарын түсіндіретін нұсқаулық жоба әзірлеуді жүктеді. Сондай-ақ, өткен аптада облыс басшысы Түркістан қаласының аумағында «Азық-түлік белдеуін қалыптастыру аясында іске асып жатқан жобалармен» танысты. Жаңбырлатып суару әдісін ендіруге бел буған «Ынтымақ агро XXI» ЖШС-і 782 га жерге бидай мен жүгері егуді қолға алған. Аймақ басшысы жас мамандарды жұмысқа тартып, жаңа жобаны жүзеге асырып жатқандардың беталысына оң баға берді.

«Түркістанның айналасына каналдар қазылып, су келді. Жаңбырлатып суарудың тиімділігін түсінген шаруалардың қатары көбейгені қуантады. Аптап ыстықта ырысын қара жерден іздеген шаруалар, мезгілі жеткенде бейнетінің зейнетін көреді. Осылайша біз қалада «Азық-түлік белдеуін» қалыптастырамыз. Жаппай жүргізілген «Жасыл белдеу» шаңды жел мен дауылдан қорғану үшін табиғи тосқауыл ретінде жасалуда. Жасыл желекке бөленіп, қаладағы ауаны тазартып, климатты жұмсартады», – деді шаруалармен кездескен өңір басшысы. Түркістан даласына тіршілік көзі су келіп, кең алқаптардың арнасы кеңігелі бері жерді тиімді пайдалануға аудан тұрғындары ғана емес, көрші өңірлер де қызығушылық танытып отыр. Облыс әкімімен кездескен шаруалар жаңбырлатып суару тәсілінің артықшылықтарын түсініп, қыр-сырымен танысуға Жамбыл облысының сала мамандарының арнайы келгенін жеткізді. Жаңа технологияның тиімділігін пайдаланып, дала төсінде еңбек етіп, нәсібін кәсіптен тауып жүрген шаруа қатары көбеймек.

Еліміз үшін қай сала болмасын, тұтынушылар сұранысына сай өнімін ұсынса экономикалық дамуға тың серпін берері сөзсіз.

**Сандуғаш ӘБДІҒАППАР.**

## Бұл аптада кімдер туылған?

**11.06.1969 ж.**
***Бақытжан Серманизов***
*Түркістан облысы мәслихатының депутаты, «Хамит» АӨК-нің басқарма төрағасы*

**12.06.1958 ж.**
***Әуесхан Қодар***
*ақын, аудармашы*

**12.06.1964 ж.**
***Нұрлан Бекназаров***
*ҚР Парламент Сенатының депутаты*

**13.06.1947 ж.**
***Нұрлан Оразалин***
*Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Алматы облысының Құрметті азаматы*

**13.06.1959 ж.**
***Еркімбек Қанжігітов***
*Қапланбек аграрлық-техникалық колледжінің директоры, в.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА мүшесі*

**15.06.1943 ж.**
***Асқар Ақжол***
*Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген жаттықтырушы, ҚР еңбек сіңірген қызметкер, Қазақстан спортына еңбек сіңірген қайраткер, бокстан спорт шебері, профессор, Түркістан облысының Құрметті азаматы*

**15.06.1965 ж.**
***Кәрім Мәсімов***
*Қазақстан Республикасы Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің төрағасы*

**16.06.1969 ж.**
***Қайнар Абасов***
*Түркістан облысы мәслихатының депутаты, «Хлопкопром-Целлюлоза» ЖШС-нің директоры*

***Құрметті туылған күн иелері! Сіздерді «Айғақ» газетінің ұжымы туған күндеріңізбен шын жүректен құттықтайды!***

### Оралхан ДӘУІТ -

*"Ақ жол" газетінің бас редакторы*



Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаевтың шешімімен Жамбыл облыстық "Ақ жол" газетінің Бас редакторы болып - Оралхан Дәуіт тағайындалды. Ақпарат саласының майталманы, қаламы жүйрік журналист - Оралхан Дәуіт бұған дейін ғасырға жуық тарихы бар "Жас Алаш" газеті Бас редакторының орынбасары қызметін абыроймен атқарған. "Жас Алаш" газетінің Жамбыл облысындағы меншікті тілшісі және "Егемен Қазақстан" газетінің Жамбыл облысы, Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі болып та қызмет атқарды.

Әріптесіміздің жаңа қызметіне сәттілік тілейміз.

# ШЫМКЕНТТЕ ЖЫЛЫЖАЙ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЯДЫ



«Агро-индустриалды аймақтарды құрудағы басты мақсат – қаламыздың инвестициялық мүмкіндігін арттырып, ауыл шаруашылығы саласында инвесторларға қолайлы жағдай жасау. Жобада ауыл шаруашылығы саласын дамытып, аграрлық секторды экономиканың қозғаушы күшіне айналдыру көзделіп отыр, сондықтанда, тиісті ұйымдастыру жұмыстарына қарқын беру керек», - деді Мұрат Әйтенов ауылшаурашылыққа қатысты болған жиында.

Мәселеге қатысты мегаполисте жаңадан құрылған агро-индустриалды аймақта жалпы инвестиция құны 5,5 млрд. теңге болатын 6 жоба жүзеге асырылмақ. Нәтижесінде жаңадан 500-ден астам жұмыс орны құрылады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, құрылыс барысында 300-ге жуық адам жұмыспен қамтылмақ. Бұл туралы бүгін қала әкімі М.Әйтеновтің төрағалық етуімен өткен жиында ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының басшысы А.Қаныбеков мәлімдеді.

Ауыл шаруашылығы бағытындағы аталған аймақтағы жобаларды сәтті жүзеге асыру мақсатында екі кезеңді қамтитын жол картасы дайындалған.

«Жол картаға сәйкес бірінші кезеңде агроиндустриалдық аймақта 30 га өнеркәсіптік жылыжай кешенін салушы инвесторларға жер үйлестіруге қажетті құжаттары жинақталды. Өз кезегінде, жеке инвесторлар жылыжай кешенін салу жобаларын 2020-2022 жылдар аралығында жүзеге асыру көзделуде. Ал, екінші кезеңнің жобалары 2025 жылға дейін жүзеге асырылатын болады», - деді басқарма басшысы.

Осы ретте, қала басшысы агро-индустриалды аймақты дамыту арқылы қаланың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ауыл шаруашылық өнімдерінің импорттлауын азайту қажет екенін айтты.

Агро-индустриалды аймақтың негізгі артықшылықтары: инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды шаруаларға тегін жеткізу, кәсіпкерлерге субсидия алуға қолдау көрсету, өнімді тасымалдау мен сақтауды ұтымды ұйымдастыру.

Шымкент қаласының агроөнеркәсіп кешенінде биылғы жылы жалпы құны 8,6 млрд. теңгені құрайтын 18 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Бұл туралы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасының өкілдері хабарлады.

Атап айтқанда, 15 гектар жерге қарқынды алма бау, 20,7 гектарға өнеркәсіптік жылыжай кешені, тауарлы сүт фермасы, құс етін және жұмыртқа шығаруды кеңейту мен ескі сүтін өндіру және қайта өңдеу, жеміс-көкөністі қайта өңдеу, ірімшік өндіру кәсіпорнын кеңейту, ұн өндіруді модернизациялау, мал бордақылап, ет өндіру және асыл тұқымды етті-сүтті бағыттағы ІҚМ кешені сынды жобалар жүзеге асырылатын болады.

Нәтижесінде жыл сайын қосымша 300 тг алма, 5,1 мың тн көкөніс, 1,5 млн литр сүт, 40 млн. дана жұмыртқа, 2,2 мың тн құс еті, 20 млн. банка консерві өнімдері, 500 тг сыр, 1 250 тг ет өндірілетін болады.

Басқарма мамандарының мәліметіне сүйенсек, қазіргі таңда «Д-Сабыр» ЖК құны 150 млн теңге болатын 15 гектарға қарқынды алма бау, «Колесников А.В» ШҚ және «Arman-AGRO» ШҚ жылыжый кешені, «Тассай құс» ЖШС және «Шымкент құс» ЖШС құс фермаларын кеңейту бойынша жобаларының құрылыс жұмыстары аяқталып іске қосылды. Қалған 14 инвестициялық жобаларда құрылыс жұмыстары жүруде.

## БІЛІМ САЛАСЫ НАЗАРДА!

Білімді ұрпақ - ел болашағының кепілі. Сондықтан да, бүгінгі өскелең ұрпақтың өзге дамыған елдердегі қатарластарымен білім арқылы иық тенестіре алатындай дәрежеде болуы маңызды. Мемлекетіміз бұл бағытта тәуелсіздік жылдары ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстарды атқарды. Сапалы біліммен ғана қамтамасыз етіп қоймай, оқушылардың жайлылығы үшін заман талабына сай мектептер салып, бар білім ғимарат-тарын күрделі жөндеуден өткізді.

Шымкент қаласында да бұл жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Күні кеше Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтенов күрделі жөндеуден өтіп жатқан мектептерді аралады. Қала басшысы алғаш болып Қазыбек би атындағы №36 жалпы орта мектепте жүріп жатқан күрделі жөндеу жұмыстарымен танысты.

Алғаш білім ошағының іргетасы 1989 жылы қаланған. 1060 орындық білім ордасында бүгінде «Ынтымақ Құрылыс» ЖШС құрылыс компаниясы күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Қала әкімі жөндеу жұмыстарының сапасын бақылау мақсатында әрі қарай №3 Балалар эстетикалық саз мектебіне барды. Қазіргі таңда мамыр айында басталған күрделі жөндеу жұмысының 30 пайызы аяқталған. Барлық жұмыстарды мердігер жоспарланған кестеге сәйкес жаңа оқу жылына дейін аяқтауы тиіс.

Сонымен қатар, тозығы жеткен №122 жалпы орта мектепке де ат басын бұрды. 2 ауысымда білім беріп отырған 620 орынды аталмыш мектептің кірпіші 1984 жылы қаланған.

Әкім мектептердегі күрделі жөндеу жұмыстары кестеге сәйкес жүріп жатқанына көз жеткізді. Білім нысандарындағы жөндеу жұмыстарының жай-жапсарымен танысқан Мұрат Дүйсенбекұлы, құрылыстың сапасына аса мән беруді, сондай-ақ, жұмыстарды тездетіп жаңа оқу жылына дейін толығымен аяқтауды тапсырды.

# МИЛЛИОНДЫ ҚАЛАДА МИЛЛИОН ШАРШЫ МЕТР БОЛАТЫН ТҰРҒЫН ҮЙ САЛЫНУДА

Шымкент қаласы тұрғындарының саны күннен-күнге артуына байланысты баспанаға деген сұраныс да арта түсуде. Мәселенің мәнісін шешу мақсатында жаңадан қосылған шағын аудандарда көпқабатты тұрғын үйлердің қатары көптеп бой көтеруде. Қала әкімі Мұрат Әйтенов қаладағы салынып жатқан тұрғын үйлердің құрылыс барысымен танысты. Ең алдымен қала басшысы «7-20-25» бағдарламасы аясында «Shymkent» ӘКК» АҚ қаржыландыруымен салынып жатқан «Асар-2» шағын ауданындағы 10 тұрғын үйді және Тұран шағын ауданындағы екі көп қабатты тұрғын үй құрылысын аралап көрді.

Мұрат Дүйсенбекұлы сонымен қатар, «Шымкент Сити» мен «Тұран» шағын аудандарында мемлекеттік бюджет есебінен салынып жатқан үйлердің құрылысын аралап шықты.

Шаһар басшысы құрылыс жұмыстарының қандай сапада жүргізіліп жатқанын бақылап, мердігерлерге жұмысты жандандыруды және құрылыста отандық материалдарды пайдалануды міндеттеді. Сондай-ақ, жауапты сала басшыларына инфрақұрылым мәселесін кешеуілдетпей тез шешуді тапсырды.



Жалпы мегаполисте биылғы жылы «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы аясында және «7-20-25» бағдарламасымен, барлық қаржы көздері есебінен 13 636 пәтерлі 252 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Олардың жалпы ауданы бір миллион шаршы метрді құрайды. Оның ішінде, 78 тұрғын үй бюджет, 48 үй «Shymkent» ӘКК» АҚ және 126 үй жеке салушылар есебінен жүргізіліп отыр.

Ағымдағы жылы 136 көпқабатты тұрғын үй немесе 7561 пәтер пайдалануға беріледі.

Еліміздің үшінші мегаполисіндегі «Shymkent» ӘКК» АҚ-мен жалпы ауданы 146 мың шаршы метрден астам 44 көп қабатты тұрғын үй салынуда. Оның ішінде «7-20-25» бағдарламасы аясында 24 үй, ондағы пәтер саны 1016, ал бюджет қаржысымен жалпы пәтер саны 1213 болатын 20 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп отыр. Бұдан бөлек көпқабатты тұрғын үйлерге жапсарласып, әлеуметтік, тұрмыстық, сауда-саттық және ойын-сауық орталықтары да салынады.

Тұрғын үйлер «Тұран», «Асар-2», «Шымкент сити», «Шығыс» шағын аудандары мен әкімшілік-іскерлік орталығында және Водопьянова көшесінде салынуда. Бұл тұрғын үйлердің 24-і маусым айының соңында пайдалануға берілсе, 17-і жылдың соңына қарай тапсырылады. Қалған үш тұрғын үй келер жылға өтпелі.

Бұл пәтерлердің 1 шаршы метрі 225 000 – 250 000 теңге аралығында сатылмақ. Таңдаған пәтер құнының 20 пайызы болса, қалған қаржыны банк арқылы «7-20-25» бағдарламасымен 7 пайызға, 25 жылға дейін рәсімдеуге болады.

# ЕЛТАЙ ТҰРҒЫН АЛАБЫНДА ҮЙЛЕРДІ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Шымкент қаласындағы Елтай тұрғын алабында табиғи апаттың салдарынан зақымданған 5 үйдің іргетасы қаланды. Үйлердің құрылысын еліміздегі ең ірі құрылыс мекемесінің бірі болып табылатын «Bi Group» компаниясы өз қаржысы есебінен жүргізетін болады. Қазіргі таңда мердігер мекеме тарапынан құрылыс-монтаж жұмыстары басталды.

Қала әкімі Елтайға арнайы барып, тұрғызылып жатқан үйлердің құрылысымен танысты. Осы айдың соңында аяқталуы жоспарланған үйлердің өлшемі 11х11 метрді құрайды. Ал аумағы 112.36 шаршы метр. Сонымен қатар, қабырғасы газаблоктан, шатыры профнастилден болады. Жоба бойынша ішкі және сыртқы әрлеу жұмыстары да жүргізіледі. М.Әйтенов су басып өткен аулалар мен көшелерді аралап көріп, ондағы тұрғындармен кездесті. Өз кезегінде әкім су тасқынынан шығынға ұшыраған тұрғындарға «Шымкент қайырымды қала» әлеуметтік қорынан тиісті көмек көрсетілетінін және барлық құрылыс жұмыстары аяқталған соң тұрғын алаптағы бас көшеге асфальт жол төселетінін айтып өтті. Кездесу барысында тұрғын Б.Жаңабаев қолдау көрсетіп жатқан барша қызметкерлерге алғысын білдіріп, кезінде демеушілер есебінен салынған Тоғыс өзенінен өтетін Елтайдағы екінші көпірді жөндеп беруін сұрады. Қала әкімі көпір салу бойынша тиісті жұмыстар жүргізілетінін және қаржы бөлу бойынша мәслихатқа ұсыныс хат енгізілетінін жеткізді. Аралау қорытындысы бойынша әкім табиғи апаттың алдын алу және болдырмау мақсатында сала жетекшілеріне қашыртқы каналдар жүйесі жобасын әзірлеуді тапсырды.

Дайындаған: Сандуғаш ЖҮСІПОВА.

TÚRKISTAN

*Түркістан қаласының облыс орталығы статусына ие болғанына да міне, екі жылдың жүзі болып қалды. Тарихи шешімнің негізінде бүгінде шаһарда қарқынды құрылыс жұмыстары жүргізіліп, киелі мекен жаңа келбетке ие болуда. Осыған дейін де екінші Мекке атанып, зиярат туризмі жағынан елімізде көш бастаған қала енді сәулетімен де ерекшеленіп келеді.*



# «ТҮРКІСТАН - ШЫҒЫСТЫҢ ШЫРАЙЫ»

Өткен аптада құрылысы 32 секторға бөлінген шаһардың тынысымен Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев танысты. Өткен жылдың тамызында өткен «Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумында ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ««Біз салалық мемлекеттік бағдарламаны қабылдадық. Оны толық жүзеге асыру туризм үлесін ЖІӨ-дегі 8 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Келушілердің саны 9 миллионға дейін, ал ішкі туристердің саны 8 миллионға дейін өсуі тиіс. Осы салада жұмыс істейтін адамдардың санын 650 мың адамға жеткізу керек» деп өзінің twitter парақшасында мәлімдеген болатын. Бүгінде бұл бағытта Түркістан өлкесінде қыруар жұмыстар атқарылуда.

Әр секторға аудан, қала әкімдіктері мен басқарма басшылары тікелей жауапты. Қала аумағында ағаштар отырғызылып, абаттандырылуда. Көшелерде жарық шамдар, қоқыс жәшіктері мен тұрғындардың демалуына арналған орындықтарды орнатылған.

Кешенді жұмыс барысын бақылаған облыс әкімі жауаптыларға бірқатар тапсырмалар берді. Іс-шараның орындалуын қатаң бақылауға алу және жұмыстарды тұрақты түрде жалғастыру тапсырылды.

Қалада аяқжолдар мен вело жолдар төселіп, айналасына көшеттер егілді. Енді жуырда тағы бір ерекше жолақ пайда болады. «Bus Lane» жобасы – қала көшеләріндегі қоғамдық көліктердің жүруіне арналған арнайы жолақ. Қаладағы қоғамдық көліктер енді кедергісіз қимылдайтын арнайы жолағы бар осы жолдармен




жүретін болады. Сондай-ақ, жасыл жолмен мүгедек арбасына таңылған мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен электромобильдер жүре алады. Жобаны Шөкеевке шаһар басшысы Рашид Аюпов таныстырды. Жаңа өзгеріс қаладағы кептелістің алдын алуға да бағытталған. Қоғамдық көліктерге әсіресе қарбалас уақытта жылдамдықпен жүруге жол берілмейді және жолаушылар да тиісті жеріне уақытылы жете алады.

Жасыл түсті белгілер жақын күндері Түркістанның барлық көшелерінде пайда болады. Арнайы белгіленген жолға басқа көліктердің кіруіне және тоқтауына тыйым салынған. Ал, орталық Бекзат Саттарханов көшесінің бойында көліктің тоқтауына мүлдем рұқсат болмайды. Жаңа жоба тестік тәртіпте енгізілгендіктен, әзірге ереже бұзған жеке жүргізушілерге ешқандай айыппұл салынбайды. Бірақ, алдағы уақытта түсіндіру жұмыстары аяқталғасын арнайы жолаққа еніп кеткендер жазаланбақ.

Бүгінде облыс орталығындағы орташа жөндеу жұмыстары жүргізілетін 100-ге жуық жолдардың жартысына жуығында тасжол төселді. Жолдың іргесін нығыздау, көріз жүйесі құдықшаларының деңгейін көтеру сынды жұмыстар жүргізілуде. Демалыс орындары мен көшелердің бойына субұрқақтар орнатылып, жаңадан аялдамалар қойылған. Облыс орталығымен бірге қалыптасып, бірге бой көтерген «жасыл белдеуді» аралаған Өмірзақ Естайұлы егілген көшеттердің суарылуына аса мән беруді міндеттеді. Түркістанның табиғи тынысына айналған қаланы қоршаған жасыл аумақта бүгінде миллионнан астам көпжылдық ағаш көшеттері жайқалып өсіп тұр. Терек, қайың, қарағаш, шаған, арша, үйеңкі ағаштарын отырғызу биыл да жалғасын табады.

Ал, қарқыны үдей түскен құрылыс алаңдарындағы көппәтерлі тұрғын үйлердің қасбеті тұтастай ашық түсті травертин мен ақ мәрмәр таспен қапталуда. Олардың сапасын тексеріп шыққан аймақ басшысы, мердігер компания жауаптыларына жұмыс қарқынын жылдамдатуды жүктеді. Өмірзақ Естайұлы құрылыс басында сақтық шараларын күшейте отырып, тәулік бойғы жұмыс кестесіне көшуді тапсырды.

Түркістан қаласы облыс орталығы атанған кезінде еліміздің өзге аймақтары бір-бір нысан салып беруге уәде еткен болатын. Соның ішінде Атырау облысының салып жатқан «Ұлы дала елі» орталығының құрылысы бүгінде қызу. Мәдени кешенде Қазақ Хандығының құрылғанынан бастап, жаңа дәуір дамуына дейінгі әртүрлі тақырыпты ашатын 9 тарихи – заманауи залдар ашылады. Алып құрылыс алаңына айналған облыс орталығында еліміздегі ірі құрылыс компаниялары киелі шаһарды түлету жолында күндіз-түні тер төгуде. Атырау облысы әкімдігінің сыйы қыркүйек айында аяқталуы тиіс. 0,8 га жерде бой көтеріп жатқан орталықтың аумағы 6200 шаршы метрді құрайды. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жоспарға сай жүріп жатыр.

Түркістан қаласында бой көтерген бірнеше нысандардың құрылысы аяқталуға жақын. Ішкі әрлеу, инженерлік желілерін монтаждау және сыртқы абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс екі ауысымда жүріп жатыр.

Рухани-мәдени орталықта түрік инвесторлары мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салып жатқан көне сәулет өнерінің көзі – «Керуен сарай» туристік кешенінің құрылысы алдағы күзде аяқталады. Әлемде теңдесі жоқ аспан астында қалқыған театр, жергілікті қолөнер шеберлерінің ашық базарлары, ерекше сәулетті субұрқақтар мен сан түрлі ұлт өкілдерінің дәмханалары мен демалыс орындары халық көңілінен шығары анық.

Сондай-ақ, көршілес Өзбекстан мемлекеті де Түркістанның келбетінің ажарлануына өз үлестерін қосуда. Былтыр іргетасы қаланған еңселі мешіт басында облыс басшысы Өмірзақ Шөкеев болды. Сәулеті ерекше Ислам орталығының ішкі және сыртқы безендірілуі шығыстық нақышта жүргізілмек. Бірегей жобаға Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев қолдау көрсетіп отыр.

Түркі әлемінің рухани темірқазығы, қасиетті Түркістан қаласында салынып жатқан ауқымы 5 мың шаршы метрді алатын жаңа ғибадат орнында 5 мыңнан астам жамағат бір мезгілде сәждеге бас тигізіп, құлшылық ете алады. Сыртқы аумағы 3 мың адамға арналған. Мешіт құрылысы заман талабына сай озық үлгіде жүргізілуде. Мешітте мұсылмандық жораларды жасайтын орындар, конгресс-холл, неке сарайы, 180 орындық медресе, кітапхана, асхана, спорттық алаңдар, 500 орындық автотұрақ пен ғажайып субұрқақтар салынады.

ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұрасы тізіміне енген Қожа Ахмет Яссауи кесенесі аумағы да бүгінде абаттандырылуда. Әлемнің сегізінші кереметі атанған тарихи архитектуралық сәулет үлгісі аумағына облыс басшысы ең құнды ағаш түрлерін отырғызуды тапсырды.

Облыс әкімі драма театр құрылыс алаңында аралап көрді. 4 қабаттан тұратын ғимараттың жалпы көлемі 9700 шаршы метрді құрайды. Барлық талаптарға сай, заманауи үлгіде салынып жатқан мәдени ошақта 510 адамға арналған көрермен залы орналасқан. Ақтөбе облысының Түркістанға тартуы ретінде салынып жатқан драма театрдың құрылысы алдағы күзде аяқталады деп жоспарланып отыр.

Ерекше сәулетті ғимараттарымен толығып отырған Түркістан, алдағы уақытта ел тамсанатын ғажайып мекенге айналатынына куә болар күн алыс емес.

**Бетті дайындаған: Ұлжан НАУШАБАЕВА.**

## ТӨЛЕБИДЕГІ СЕЛ ШАЙҒАН 9 ҮЙ ЖАҢА ЖЕРГЕ КӨШІРІЛЕДІ

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев бір топ де-путаттармен бірге Төлеби ауданы, Леңгір қаласының тұрғындарымен кездесіп, жаңадан салынып жатқан баспаналарды бақылап қайт-ты. Мұнда көктемгі сел сал-дарынан апатты күйге түскен үйлер толық жаңадан салынып жатыр. Қираған 9 үй жаңа жерге көшіріледі, деп хабарлайды Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі. Қалғандары бұзылып, қайта тұрғызылуда. Өңір басшысы «Алатау» мөлтек ауданында бой көтерген осы үйлердің құрылыс жұмыстарымен танысты.

«Жылдар бойы көктемде күпті көңілмен күй кешетін едік. Енді міне, өміріміз түбегейлі өзгерейін деп тұр. Сол үшін сіздерге шексіз алғысымызды білдіреміз. Осы қиындықтарды жеңуді жеңілдетіп жатқан, жанымыздан табылып, жылы сөзбен демеп жүр-ген сіздерге халық риза», – деді облыс әкімімен кезекті рет кездескен Леңгір қаласының тұрғыны Мария Корнилова.

Облыс басшысы бұдан кейін Достық елді мекеніндегі тұрғын үйлердің құрылыс барысын бақылады. Онда сел шай -ған үйлер бұзылып, орнына жаңа баспаналар салынып жатыр. Өмірзақ Естайұлы салын -ған үйлердің сапасына баса назар аударуды талап етті.

Төлеби ауданында нөсерлі жауын салдарынан жалпы апатты деп танылған 38 бас-пана толық сүріліп, қайта салынуда. Құрылыс жұмыстарын шілде айына дейін толық аяқталмақ.

Сел салдарынан жолдар мен көпірлер жарамсыз күйге түсіп, инфрақұрылым істен шыққан болатын. Апат сал -дары аз ғана уақыт ішінде толықтай қайта қалпына келтірілді.

## АРЫСТАҒЫ КӨППӘТЕРЛІ БАСПАНАЛАР КҮЗДЕ ТАПСЫРЫЛАДЫ

Арыс қаласында көпқабатты тұрғын үйлер құрылысы қар -қынды жүріп жатыр. Облыс әкімі Өмірзақ Шөкеев 60 пә-терлі жаңа баспаналардың құрылыс алаңында болды. Аймақ басшысы құрылыстың сапасына және мерзімінде аяқталуына мән берді. Осыған орай мердігерге нақты тапсырмалар жүктеді.

"Нұрлы жер" мемлекеттік бағдарламасы аясында бой көтерген 5 қабатты үйлер алдағы күзде тұрғын үй кезегінде тұрған арыстықтарға тапсырылады. Жаңа көп-қабатты баспаналар Көктем-2 тұрғын ауданында салынуда. Арыс қаласында биыл бұдан басқа тағы 60 пәтерлі көп-қабатты тұрғын үйлердің құ-рылысы басталған. Жаңа баспаналар келер жылы пайдалануға беріледі.

# МҰХАМЕТЖАН ТЫНЫШБАЕВТЫҢ АБЫЛАЙ ХАН ТУРАЛЫ ТАШКЕНТ МҰРАҒАТЫНДА САҚТАЛҒАН ЖАЗБАСЫ

Қазақтың көрнекті саяси және қоғам қайраткері,алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, қазақтан шыққан алғашқы инженерлердің бірі - Мұхаметжан Тынышбайұлы (1879-1937) кәсіби тарихшы болмағанына қарамастан қазақ тарихына қатысты бірақатар зерттеулер жазған. Мұхаметжан Тынышбайұлының «Қырғыз-қазақ руларының шежіресі»,«Қырғыз-қазақтың шығу тегі», «Қазақ» этнонимі туралы»,«Алтын Орданың күйреуі және Қазақ хандығының құрылу тарихы»,«Ақтабан шұбырынды» және археология мен этнография, тарихи топонимика салаларындағы еңбектері құнды тарихи шығармалар қатарына жатады.

Мұхаметжан Тынышбайұлының кейбір еңбектері жарияланбай Өзбекстан астанасы Ташкенттегі Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында сақтаулы екен. Солардың бірін тауып алып,ол туралы алғашқы мақаланы Шымкенттік тарихшы Мухитхан Миразов жазып хабардар етті. Оның зерттеу мақаласы 2010 жылы «Қазақстанның ғылыми әлемі» атты ғылыми журналының екінші санында «Құлпытастағы жазулардың тарихи шындығы (Абылайхан өміріне қатысты деректі мәлімет)» деген тақырыппен жарияланды. Бұдан басқа 2015 жылғы Түркістан қаласында «Қазақ хандығының тарихындағы Түркістанның орны» атты ғылыми конференция материалдарында тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты С.К. Косанбаев қалам тартып «М.Тынышбаев енбектерінде қазақ халқының тарихын зерттеу мәселелері» деген мақаласында Мұхаметжан Тынышбайұлының бұрын беймәлім болған еңбегін көрсетіп кетеді.

Жоғарыда аталған мақалаларда зерттеушілер Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында (Фонд 2773. ОП № 1. Д. № 251,Л. № 89-94)Мұхаметжан Тынышбаевтың жарияланбаған баяндамасы барын көрсетеді. Бұл Мұхаметжан Тынышбайұлының орыс тілінде жазылған мақаласы қазақтың атақты билеушісі Абылай хан туралы еді. Мақала түпнұсқасын тарихшы Мухитхан Миразов кейбір тұстарын қысқартып қазақшаға аударып тиражы аз, көпшілік үшін беймәлімдеу ғылыми журналда жария еткенің ескеріп оны қазақшаға толығымен аударып оқырмандарға жеткізуді қажет деп санадым. Осы материалды біздің өтінішімізмен көрсеткен, оның көшірмесін берген Мухитхан Миразовқа ерекше ризашылығымды білдіремін. Мұхаметжан Тынышбайұлы бұл еңбегін 1927 жылдың 5 қыркүйегінде аяқтағанын көрсеткен екен. Қазақта не өлмейді дегенде ғалымның хаты, батырдың аты деген ғой. Ақиқатында осылай екенін көріп отырмыз. Мұхаметжан Тынышбайұлының мақаладағы Абылай хан құлпытасы туралы ойлары қазіргі заманда Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде жүргізілген тарихи-антропологиялық зерттеулермен толық үйлесімдік тауып отыр. Автор сонау 1927 жылы Абылай есіміне қатыстағы шатасуларды көрсетіп оларды зиялыларға түсіндіріп берген.

## Абылай хан жөнінде тарихи анықтама

Жеке халықтардың тарихи өмірінде, халық аңыздарында, ертегілерде оймақты із қалдырған жарқын адамдар қатарына соңғы кездегі қазақ ханы Абылайды қосуымызға болады. Абылай хан 1711 жылы туылып, 1781 жылы өмірден өтті. Жетпіс жыл өмір сүрген Абылай хан Түркістанда орналасқан Қожа Ахмет кесенесінде жерленді.

Абылай ханның тегі, оның бүкіл өмірі, жалпы қалмақтарға қарсы жүргізген жорықтары туралы аңыздар аз емес. Бұл мақалада біз әлі күнге дейін жұмбақ болып отырған бір мәселеге тоқталып және Абылай ханның шығу тегі туралы оның кейбір ұрпақтары таратып жүрген болжамын әңгіме етпекпіз.

Е.Т. Смирнов өзінің «Кенесары және Сыдық сұлтан» атты елеулі еңбегіндегі «Тіркемелерінің» 4-бетінде мынаны жазады: «Абылай ханның шын аты - Әбілхайыр және ол хандық құрған кезінде Әбілқайыр хан деп аталған, ал қазақтар бұл есімді Абылайға ауыстырған».

Абылайдың жасы келе Әбілқайыр деп аталғанын не тарихи құжаттар, не халық аңыздары қоштамайды. Қазақтар арасында бұл жөнінде ешбір әңгіме жоқ. Бұл жерде Смирнов қазақтардың тарихы туралы әдебиеттердің жеткіліксіздігінен Абылай ханды өзінің үлкен замандасы, Торғай уезінде, Өлкеаяқ өзені бойында 1748 жылы Барақ хан өлтірген Кіші жүздің ханы Әбілқайырмен шатастырып отырғаны аян. Алғашқы мәселеге байланысты Абылайдың алғашқы есімі Әбілқайыр деген пікірді Түркістанның өткен өмірінің тарихымен айналысып жүргендер арасында жеткілікті дәрежеде тараған. Олар пікірін дәлелдеу үшін Абылай ханның қабір тасының бетіне түсірілген жазуларды көрсетеді. Жазуда* шын мәнінде «Әбілқайыр хан – ибн - Сүйінішқажы хан» осы жерде 1519 жылы жерленгені туралы айтылады (христиандық жыл қайыру бойынша есептелген).

Біріншіден, бұл пікірді жақтаушылар хронологиялық уақытты назардан тыс қалдырып отыр, екіншіден «Әбілқайырды Сүйінішқажының баласы» деп болжайды. Алайда араб тіліндегі бұл жазуды екі түрлі етіп аударуға болады: «Әбілқайыр Сүйінішұлы» немесе керісінше «Сүйініш Әбілқайырұлы» деп түсінуге болады. Смирнов ескерткіштегі жазуды бірінші мағынада түсінеді және оның бетінде шайбанилік есімдерін оқи отырып, Абылай ханды шайбанилер әулетінен шыққан деген шешімге келеді. Осы жерде ол Абылайды керісінше шайбанилер әулетіне жатпайтын Ишим ханның /атақты Есімханның / ұрпағы деп айтады. Есімхан расында Абылайдың арғы бабасы болып табылады. Егер де түсірілген жазудың уақытына назар аударсақ, бұл мәселенің шешімі оп-оңай: құлпытас Өзбектің атақты ханы Әбілқайырдың баласы Сүйінішқажынікі болып табылады. Ал ол 1465 жылы қайтыс болған (Жазу Ә.Ә. Диваев кітапшасында келтірілген; дәл атауы есімде жоқ).

Әбілқайыр ханның билік құрған кезінде Жәнібек пен Керей Қазақ хандығының негізін қалағаны белгілі. Атақты Мұхаммед Шайбани жоғарыда аталған Әбілқайырдың немересі болып табылады және ол Түркістанды өзіне қаратқан соң, Ташкент қаласының бекіністерімен қоса өзінің көкесі Әбілқайырұлы Сүйінішқажыға берді. Акад. Бартольдтың («Жетісу тарихының очеркі», 88-бет) айғақтауынша Шағатайлық Рашид хан Ыстыққол төңірегінде болғанда, Ташкенттің ханы Сүйініш ханның қайтыс болғаны жайлы хабар есітіп өзбектермен соғыстарды жалғастыруға мүмкіншілік алады. Мұндай хабарды шамамен 1522-1524 жылдары алғаны анық /сол жерден қараңыз/. Яғни құлпытастағы 1519 жыл толығымен Әбілқайырұлы Сүйініш ханның қайтыс болған уақытымен жобалас келеді. Басқа тұрғыдан қарағанда Абылай ханның 1781 жылы қайтыс болғаны ешбір күмән туғызбайды, дегенмен құлпытаста көрсетілген жылдан 262 жыл кейін болған.

Мұндай жағдайда бұл қабір Абылайдың емес, Сүйінішқажынікі болуы мүмкін бе деген сұрақ туады.

Абылай хан өмірінің соңғы жылдарын Шымкент уезіндегі Қарабұлақ қыстағына жақын Ханқорғанда өткізгені белгілі. Барлық әңгіме аңыздарда Абылай өмірінің соңғы күндері Шымкент уезімен тығыз байланысты. Осы Қаратау тауларында Абылайдың баласы Қасым, немерелері – атақты Кенесары хан, Есенгелді, Саржан, шөберелері Ахмет пен Сыдық өмір сүрген. Ахметтің балалары Шырынхан, Әзімхан әкесінің, көкесінің және т.б. айтуынша Абылайдың Ханқорғанда өмір сүргенін, сол жерден дүниеден озғанын, Түркістанда жерленгенін және Сүйінішқажының аты жазылған құлпытас қойылған қабірде жерленгенін біледі. Сонымен ешбір даусыз осы қабірде нақ Абылай хан жерленген. Сүйінішқажының /Шейбанилерден, яғни Сүйінішқажыдан, Шағатайлықтардан, қазақ хандарынан, яғни Жәнібек ұрпағынан/ қолдан қолға өтіп отырған Түркістанда жерленуі мүмкін емес еді. Хандар әдетте үнемі талас тудырып отырған өз иеліктерінің шетінде емес жерінің орталығында өзінің сенімді жақтастарының ортасында тұрған. Сүйінішқажы тарихына назар салсақ, оның ұлы Наурыз Ахметті (Барақ деп аталып кеткен), немерелері Дервиш хан мен авантюраға құмар Бабахан да бәрі «ташкенттіктер» деп аталған. Сондықтан Сүйінішқажы Ташкентте жерленген деген дұрыс болар. Алайда Ташкенттегі Сүйінішқажының құлпытасы Түркістанда орналасқан Абылай ханның қабіріне қалай қойылды деген сұрақ туады.

Абылай ханның Шымкент уезінде тұратын ұрпақтарының сөзіне қарағанда оның баласы Қасымхан Түркістан қожаларына әкесінің қабіріне қоятын құлпытасты тапсырады. Осы жұмысты атқарғаны үшін қожалар 40 бие алады; ескерткіш Ташкентте жасалынып ол жерден түйелерге салынып Түркістанға жеткізіліп Абылай ханның моласына қойылады. Енді айтылғанды толықтыратын болжам жасау қиын емес: барлық көрініс бойынша бұл жерде қожалар қулық жасап, Ташкентте біреулерге ақша беру арқылы Сүйінішқажының моласынан құлпытасты жасырын түрде алып шығып, Түркістанға жеткізген. Білімі бар қожалар бұл құпиядан хабардар болса керек. Ал сауаты жоқ Абылай хан ұрпағы оларға кәміл сеніп көңілдеріне күдік те алмаған десе де болады.

Қорытындылай айтқанда, аталған құлпытас Сүйінішқожаның қабіріне тиесілі екені белгілі болды. Ол жасырын түрде Түркістанға жеткізіліп Абылай ханның моласының үстіне қойылған.

Енді Абылайханның шығу тегіне қатысты бір пікірге назар аударайық.

Түркістан қазақтары, әсіресе, Абылайханның Түркістандағы ұрпақтары арасында Абылай хан маңғыт руынан шыққан Мұхаммед-Рахым бидің /«Мараим би»/ тағын тартып алған және кейін өлтірген Бұқараның ханы Әбілфейіздің ұлы немесе не-мересі деген түсінік тараған. Аңыз бойынша Мұхаммед-Рахым Әбілфейіз ханның тұқымын толығымен жойып жібергенде тек «Абул хай» /қазақ аңыздары бойынша/ немесе «Әбілқайыр» /Смирновтың жазуынша/ атты бала ғана қашып аман қалған және дәл осы бала кейін атақты «Абылай хан» болыпты. Атақты тарихшы Г. Вамберидің айтуынша Бұқара ханы Әбілфейіз Мұхаммед-Рахымның әрекетімен тағынан айырылып кейін өлтірілген. Алайда, Әбілфейізден кейін хан тағына оның баласы Абулмумин отырғызылды. Ол қайтыс болған соң хан болып Әбілфейіздің немересі Абулғазы көтерілді. Соңғы хан дүние салған соң Бұқара тағында аштарханиліктер әулетінің билігі аяқталды. Ортаазиялық хандықтарының сарай төңкерістерінде биліктен айырылған хан ұрпақтарын қырып жою кәдімгі болмысқа айналғандықтан Абулмуминнен басқа Әбілфейіздің үрімбұтағын ұрып-соғу орын алуы мүмкін. Құдалау Абулмумин қайтыс болған соң немесе Абулғазы өлген соң болуы да ықтимал.

